


«Ескелді ауданы әкімдігінің Мелькомбинат негізгі орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Сабақтың тақырыбы:
Сапарғали Бегалиннің
«Бала Шоқан» әңгімесі



Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:
Омарбаева Гулшат Қасымжанқызы

2014-2015 оқу жылы



Сабақтың мақсаты:

- а) Білімділік:** Әңгіме мазмұнына талдау жасай отырып, Шоқанның бейнесін ашу.
- ә) Дамытушылық:** Тың мәліметтер бере отырып пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқушылардың сөйлеу дағдыларын жетілдіру.
- б) Тәрбиелік:** Балалар арасындағы достық қарым - қатынастың адалдығы, бала Шоқанның бойындағы кішіпейілділік, адамгершілік, ізгілік қасиеттерді дәріптеу, оқушыларға үлгі ету.



I. Ұйымдастыру. Психологиялық

*Бұл күнде аты машһур дана Шоқан,
Өр тұлға, кесек ойлы дара Шоқан,
Қазақтың аспанында жұлдыздай боп,
Жарқырып ағып өткен баба Шоқан.*

М.Ементәев





ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ. Сыныпты екі топқа бөлу:



- 1) «Алғыр» тобы
- 2) «Адал» тобы




II. Үй тапсырмасын сұрау.

Әңгіме мазмұнын еске түсіру

мақсатында зымыран сұрақтар қою.

- а) Шоқан қай жерде туып өскен?
- ә) Шоқанға Шыңғыс кім болып келеді?
- б) Әжесі Айғаным қандай кісі болған?
- в) Шоқан мен Мысық қай жерде кездесті?
- г) Шоқан мен Мысықтың шыққан тегінде айырмашылық бар ма?
- ғ) Мысық Шоқанның келгеніне неге қуанды?
- д) Мысықтың ермегі не?
- ж) С.Бегалиннің қандай шығармалары бар?






**Мүсін - бір заттың
пішінін металдан,
балшықтан, гипстен
жасау.**

III. Жаңа сабақ

Сапарғали Бегалиннің « Бала Шоқан» әңгімесі



1.Ой шақыру

Шоқан кім?

саяхатшы

Тарихшы ғалым



зерттеуші

әдебиетші

жаратылыстанушы



Автор жайлы қысқаша мәлімет



**Сапарғали
Бегалин
(1895-1982)**

Сапарғали Бегалин 1895ж. қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Дегелең ауылында дүниеге келген. Ауыл молдасынан хат таныған соң Семейдегі «Приходская школаны» 1915ж. бітіреді. Бала кезінен бастап халық ауыз әдебиетін сүйсіне оқыған.

Сапарғали Бегалиннің әдебиетке деген құштарлығы ерте оянады. Ол балаларға арнап біраз шығармалар жазған, соның елеулісі – «Бала Шоқан» шығармасы.

Жазушы естелігі

“Шоқан өміріне қатты құмарттым. Оның өмірбаянының бәрін қамтуды мақсат тұтпадым. Мен Шоқан өмірінің бір сәтін іздедім. Тапқан да сияқтымын. Ол-Шоқанның кеңсе күзетшісінің баласы Мысықтың балшықтан ойыншық мүсінін жасағанын көріп, талабын танып, оны өзімен бірге оқуға алып кетуі. Әсіресе, осы оқиға маған қатты ұнап, хикаят жазуға ұмтылдырды. “Бала Шоқанды” осылай жаздым”

Оқулықпен жұмыс

Шоқанның балалық шағы туралы не жазылды екен? Оны қазір біз оқулықта берілген жазушының сөзінен білеміз (оқушылар кезекпе - кезек мәтінді дауыстап оқиды).

Сөздік жұмысы (дәптерге).

Күзек – малдың күзгі жайылымындағы қоныс.

Әбдіре – киім – кешек салынатын сандық.

Ықтияр – өз еркі.

2. Мағынаны тану кезеңі.



1. Топпен жұмыс. Шығарманы талдау кестесі
Шығарманың композициялық құрылысына сатылай кешенді талдау

1. Шығарманың тақырыбы-
2. Шығарманың авторы -
3. Жанр түрі
4. Оқиға орны
5. Кейіпкерлер
6. Сөздіктер
7. Жазушы идеясы
8. Әңгіменің басталуы
9. Әңгіменің байланысы
10. Әңгіменің дамуы
11. Әңгіменің шарықтау шегі
12. Әңгіменің шешімі



3. *Топтық жұмыс*

“Кейіпкерді таны” стратегиясы.

I топ

- Ей, Мысық, аман ба? Мына ойыншықтарды кім істеді?
- Шоқанжан, әне бір балшықтарың не?
- Жоқ, сенің құнаның бар, алып қашып кетесің. Мен жаяумын. Кеше әлгі бір тентек бала өзімді сабап кетті. Сен тимейсің бе?
- Ей, өзін қара, неге келдің, шық үйден.
- Шоқан – ау, мынауың кім? Қайдағыны қасыңа ертіп, үсті басы немене, қасына жоламашы. Ойнауыңа бір жөнді бала табылмады ма?
- Ей, сен қай ауылдың баласысың?

“Кейіпкерді таны” стратегиясы.

II топ

- Мұнда қайдан келдің? деп сұрады.
- Аулақ кет, мұнда нең бар? Қорқытпа, тиіспе, бұл - менің жолдасым.
- Жоқ, мен құс істеймін.
- Ей мынауың кім, қайдан ерттің, түү өзі сап – сары.
- Кәмила, мына балаға ана әбдіредегі кездемеден көйлектік шыт жыртып берші, шешесі бар шығар, тіктіріп кисін, - деді



Топтастыру стратегиясы:

1топ

1топқа сұрақтар:

- Мысық неден және қандай мүсіндер жасады?
- Шоқан оларды қалай бағалады?
- Мысық неге сонша жасқаншақ болды?
- Мәтінге сүйіне отырып, Мысыққа мінездеме

2топ

2 топқа сұрақтар:

- Шығармадан Шоқан бойынан қандай қасиеттерді байқадың?
- Шоқанның бала кезіндегі көргендері мен білгендерінің болашақ өмірде пайдасы болды ма?
- Шоқан қандай бала? Мінездеме беріңіз.

IV. Сергіту сәті

Қане, сапты түзейік,
Тіземізді бүгейік.
Көбелекше ұшамыз,
Отырамыз, тұрамыз.
Сергітуге мың алғыс!



4.Шығармашылық тапсырма

Сахналық көрініс, рөлмен ойнау.
(Әңгіменің I бөлімі: Бала Шоқан,Мысық,
Жақып)

Көрініс «Уәде»


Рольдерде:

1. Шоқан –
2. Мысық –
3. Жақып –

Семантикалық карта



	кейіпкерлер					
	Жақып	Шоқан	Шыңғыс	Мысық	Сары бәйбіше	Сыдық
-Не бересің, бауырсақ бересің бе, қант бересіңбе?				+		
-Өй,өзін қара,неге келдің,шық үйден	+					
-Әй,жарайды,бара ғой екі айтпаған жақсы			+			
-Өй,кет, былай жолдан!						+
-Біздің ауыл қыстауға көшеді. Сен осында қаласың ғой,енді аман бол!		+				
-Ей,сен қай ауылдың баласысың?Мұнда қайдан келдің?					+	
Иә,дәл өзі.Бірақ мына қойының құлағы тым үлкен екен.			+			



Ү. Бекіту кезеңі.

5.Адамтану диаграммасы.

(Венн диаграммасы бойынша)

Жақсы қасиеттер

- Адамгершілік, кішіпейілдік, татулық, парасаттылық, мейірімділік, жарасымдық қайырымдылық, инабаттылық. Бұл қасиеттер адамның жанын жадыратады, көңілін көтереді.

- Адам болған соң бізде жақсы қасиет те, жаман қасиет те болады.

Жаман қасиеттер


- Қызғаншақтық, кекшіл, сараң, ұрысқақ, ашуланшақ, тәртіпсіздік. Бұл қасиеттер адамның жанын аздырады, ішкі дүниесін тоздырады, адамға дерт әкеледі.

VI. Үйге тапсырма



**“Шоқандай болғым келеді”
(шағын шығарма жазу)**

VII. Бағалау



бе


с




төр

т

үш





*Назарларыңызға
рахмет
Сабақ аяқталды.
Сау болыңыздар!*